

## Тұтыну рыногындағы бағаны тұрақтандыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 мамырдағы N 430 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

Бәсекелестік деңгейін арттыру, тұтыну рыногында қолайлы жағдай жасау және халықтың күнделікті сұраныс тауарларына қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда, Энергетика және минералдық ресурстар, Көлік және коммуникация, Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау және Төтенше жағдайлар министрліктері екі апта мерзімде:

"Атамекен" кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының, "Қазақстанның ұлттық тұтынушылар лигасы" қоғамдық қорының және басқа да салалық бірлестіктердің (келісім бойынша) қатысуымен жеміс-көкөніс және ет өнімдерін халыққа тікелей сату орындарына үздіксіз жеткізуді және оларға оңайлатылған қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын әзірлесін;

ағымдағы жылдың аяғына дейін мұнай өнімдеріне, газ бен электр энергиясына, темір жол көлігінің қызметтеріне бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 2005 жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен:

кәсіпкерлердің және тұтынушылардың (келісім бойынша) құқықтарын қорғау қоғамдық бірлестіктерінің қатысуымен әрбір әкімшілік-аумақтық бірлікте халыққа азық-түлік тауарларын жеткізу мәселелері жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін штабтар (комиссиялар) құрсын;

азық-түлік рыноктарындағы баға құру процестеріне жергілікті монополия құрылымдары мен делдал ұйымдардың теріс ықпал етуін болдырмасын;  
қалалар мен басқа да елді мекендерде осы объектілерді санитарлық-гигиеналық және коммуналдық-тұрмыстық жағдайдың қажетті деңгейімен қамтамасыз ете отырып, маусымдық сипаттағы азық-түлік өнімдерін сату үшін жергілікті бюджеттердің есебінен қосымша сауда алаңдарын (алаңқайларын) ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге егістен алынған жеке өнімін көлік құралдарының үстінен сату, сондай-ақ "жол жиегінде сату" үшін олардан заңсыз алымдар мен төлемдерді алуды болдырмай, қолайлы жағдай жасасын; кәсіпкерлік топтардың арасында жеміс-көкөніс және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін жергілікті базарларға жеткізуді ұлғайтуға және оларға қол жетімділікті кеңейтуге ықпал ететін қажетті түсіндіру жұмысын ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге және көлік құралдарының үстінен сатуды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімінің рыногына басқа да қатысушыларға сауда алаңдарына (алаңқайларына) қол жетімділікке заңсыз кедергі келтіру фактілерінің жолын кесуге бағытталған қажетті шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) *күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен.*

2) "Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден аумағына оңайлатылған тәртіппен әкелетін тауарларға жиынтық кедендік төлем" деген қосымшада :

", бірақ 1 килограммға 0,5 ЕВРО-дан кем емес" деген сөздер алынып тасталсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оларға қатысты жеңілдетілген тәртіп көзделмеген тауарларды оңайлатылған тәртіппен өткізуінің салмақтық және құндық нормалары" деген қосымшада :

1) тармақшадағы "200 (екі жүз)" деген сөздер "2000 (екі мың)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) тармақшадағы "1000 (мың)" деген сөздер "5000 (бес мың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразия экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық комитетінің Хатшылығын осы қаулының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 30 күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 4-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК